

**«Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді
(2011 ж.03.03. №1 хаттама)
(2015 ж. 30.12. жағдайына берілген
өзгерістер мен толықтырулармен)**

Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесін анықтау және бекіту әдістемесі

Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесін анықтау және бекіту әдістемесі (бұдан әрі – осы Әдістеме) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктермен жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесін депозиттерді міндетті кепілдік беретін ұйымымен анықтау және бекіту тәртібін бекітеді.

1. Негізгі ұғымдар

2015 жылғы 30 желтоқсандағы «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 1 тарау 5) тармақшамен толықтырылды (7 хаттама).

1. Осы Әдістемені қолдану мақсатында мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) кепілдік берілген депозит – 2006 жылдың 7 шілдедегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылатын депозит;
- 2) жеке тұлғаның тартылған депозиті бойынша сыйақы мөлшерлемесі – сыйақының номиналды мөлшерлемесі, яғни белгілі бір кезеңнің аяғында салымның шот/сомасына сыйақыны есептеу кезінде қолданылатын банк шоты/салымы шартында көрсетілген жылдық пайыз мөлшерлемесі;
- 3) сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесі – осы Әдістемеге сәйкес анықталатын және бекітілетін жеке тұлғалардың кепілдік берілген депозиті бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшері;
- 4) қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі (ҚҚРМ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітілетін қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі;
- 5) ДСМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен тартылатын депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі.

2. Сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесін анықтау тәртібі

2014 жылғы 28 ақпандағы Акционердің №177 шешіміне сәйкес 2 тармақтың әрекеті ұлттық валютада кепілдік берілген депозиттер (ҰВММ) бөлігінде 2013 жылдың 1 тамызынан 2014 жылдың 28 ақпанына дейін, ал шетел валютасындағы кепілдік берілген депозиттер үшін (ШВММ) бөлігінде 2013 жылдың 1 тамызынан 2014 жылдың 31 наурызына дейін тоқтатылды.

2 тармаққа 2014 жылғы 25 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің №6 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді, 2015 жылғы 30 желтоқсандағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (7 хаттама).

2. Ұлттық валютада кепілдік берілген депозиттер үшін сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесінің мөлшері (ҰВММ) келесі формула бойынша анықталады:

$$\text{ҰВММ} = \text{ДСМ} + 0 \pm 4 \text{ шегіндегі маржа};$$

Шетел валютасындағы кепілдік берілген депозиттер үшін сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесінің мөлшері (ШВММ) келесі формула бойынша анықталады:

$$\text{ШВММ} = \text{ҚҚРМ} - 4 \pm 0,5 \text{ шегіндегі маржа}.$$

3. ҰБММ және ҚҚРМ мөлшерлері бір ондық белгіге дейін дөңгелектенеді.
4. ҰБММ және ҚҚРМ есептеулерінде қарау сәтіне әрекет ететін ҚҚРМ мөлшері есепке алынады.

5. Сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесін бекіту тәртібі

5. Сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесі ұлттық валютадағы депозиттер бойынша бөлек және шетел валютасындағы депозиттер бойынша бөлек орнатылады.

6 тармаққа 2014 жылғы 28 ақпандағы Акционердің №177 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

6. Осы Әдістемеге сәйкес сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесі депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымының Акционерінің немесе Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

7. Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесінің мөлшері туралы мәселесі әрбір 6 ай сайын, алайда шілде айының 1-і және қаңтар айының 1-інен, сәйкесінше, кеш емес, сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесінің жаңа мөлшерін мамыр айының 1-і және қараша айының 1-інен бастап енгізілуімен, қарастырылады.

8. Қажет болған жағдайда, депозит нарығы конъюнктурасының кенет өзгеру жағдайында жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемесінің мөлшері әрбір жарты жылдан да жиірек қайта қарастырылуы мүмкін.